

**"Бала асырап алу, соның ішінде шетел азаматтарының бала асырап алуы туралы мәліметтер" № 1-У нысанды статистикалық есепті және оны құру бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы № 79 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 79 бұйрығы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4530 болып тіркелген «Бала асырап алу, соның ішінде шетел азаматтарының бала асырап алуы туралы мәліметтер № 1-У нысанды статистикалық есепті және оны құру бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы № 79 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет):

1) осы бұйрық көшірмесінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ж о л д а н у ы н ;

2) осы бұйрық көшірмесінің мүдделі құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына мәлімет үшін жолдануын;

3) осы бұйрық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
Бас Прокуроры                      А. Дауылбаев

*«КЕЛІСІЛДІ»:*

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*Е. Сағадиев*

*« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2016 жыл*

*«КЕЛІСІЛДІ»:*

*Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрінің  
міндетін атқарушы*

*М. Тілеуберді*

*« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2016 жыл*